

**"Реттелетін нарықтардағы бағаны белгілеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 3 наурыздағы № 238 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 4 тамыздағы № 1022 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Реттелетін нарықтардағы бағаны белгілеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 3 наурыздағы № 238 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 13, 93-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Реттелетін нарықтардағы бағаны белгілеу ережесінде:

2-тармақ мынадай редакциядағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:  
«1-2) отын алымы – есептеген кезде өсуін ескеру мүмкін болмаған тасымалдауға арналған тариф қолданылатын кезеңде авиациялық отынға шығындардың өсуін өтеу мақсатында авиакөлік компания алатын алым;»;

7-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:  
«Отын алымының енгізілуіне байланысты бағалардың алдағы көтерілуі туралы хабарламаға:

1) авиатасымал қызметтері бойынша бағалардың жобасы;  
2) авиациялық отын құнының өсуін растайтын шарттардың көшірмелері;  
3) әрбір авиациялық маршрутқа және әуе кемесінің типіне отын қажеттілігінің есебі қоса беріледі. Бұл ретте осы тармақтың үшінші бөлігінің талаптары осы жағдайға қолданылмайды.»;

8-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:  
«Отын алымының енгізілуіне байланысты бағаның негізділігін қарау кезінде уәкілетті орган осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген субъекті ұсынған авиациялық отын құнының өсуін растайтын құжаттарға талдау жасау негізінде бағаларға сараптама жүргізеді.»;

10-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:  
«Баға сараптамасының нәтижелері бойынша, отын алымының енгізілуіне

байланысты бағалардың алдағы көтерілуі туралы хабарламаны алған күнінен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей уәкілетті орган субъектіге:

1) бағаны көтеруге тыйым салу;  
2) жобаланған бағаны осы Ережеге сәйкес негізделген баға деңгейіне дейін төмендету туралы дәлелді қорытынды жібереді.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*